

"Қазақтелеком" акционерлік қоғамына қауымдық сервитут белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Костанай облысы Қарасу ауданы Қойбағар ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 8 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабы 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Қарасу ауданы Қойбағар ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу мақсатында Қарасу ауданы Қойбағар ауылдық округі Қойбағар ауылының аумағында орналасқан жалпы көлемі 0,936 гектар, 1 (бір) жыл мерзіміне жер участке сіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қарасу ауданы Қойбағар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімге қол қойылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына жолдауды;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қарасу ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қойбағар ауылдық округінің әкімі

B. Скубилова